

**Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау қағидаларын және оны төлеу мөлшерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 383 Қаулысы.

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 125-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау қағидалары және оны төлеу мөлшері бекітілсін.

2. "Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау қағидасын және оны төлеу мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 893 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 30 наурыздағы  
№ 383 қаулысымен  
бекітілген

**Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау қағидалары және оны төлеу мөлшері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар (бұдан әрі - Қағидалар) Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібін айқындайды.

2. Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындауды және төлеуді қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар (бұдан әрі – орган) жүргізеді.

3. Жәрдемақы тағайындау және төлеу қорғаншыларға немесе қамқоршыларға ата-анасының қайтыс болуына, ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, ата-аналары хабарсыз кеткен деп танылуына, олардың қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының іздестірілуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын стационарлық үлгідегі тәрбиелеу, емдеу және медициналық-әлеуметтік мекемесінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға жүргізіледі.

## **2. Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау тәртібі**

4. Егер баланың (балалардың) жалақысы, алименттері, зейнетақылары және өзге де әлеуметтік төлемдері түріндегі табыстарының, сондай-ақ өзіне тиесілі мүлкінен түсетін табыстарының орташа айлық сомасы тиісті облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстардан аспайтын болса, қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы әр балаға (балаларға) тағайындалады.

Баланың орташа айлық табысын анықтау кезінде адам жәрдемақы тағайындауға жүгінген жылдың 1 қаңтарынан бастап жәрдемақы тағайындауға жүгінген айға дейінгі кезеңде баланың ақшалай нысанда нақты алған табыстары ескеріледі.

5. Баланың орташа айлық табысы табыстар сомасын жылдың 1 қаңтарынан бастап жәрдемақы тағайындауға жүгінген айға дейінгі айлардың санына бөлу арқылы анықталады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстарды осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес формула бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) білім басқармасы ай сайын анықтайды.

6. Қорғаншылар немесе қамқоршылар жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы алу үшін баланың (балалардың) тұрғылықты жері бойынша органға мынадай құжаттарды:

1) қорғаншының немесе қамқоршының осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жәрдемақы тағайындау үшін белгіленген үлгідегі өтінішін;

2) қорғаншының немесе қамқоршының жеке куәлігінің көшірмесін;

3) Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.05.2019 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4) баланың (балалардың) туу туралы куәліктерінің көшірмесін;

5) балаға жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығының жоқтығын растайтын құжаттардың (қайтыс болуы туралы куәлік, ата-ананы ата-ана құқықтарынан айыру, олардың ата-ана құқықтарын шектеу, ата-анасын хабарсыз кетті, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектелген) деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуі туралы сот үкімі, ата-аналардың іздестірілуін, баланың (балалардың) ата-анасынан айырып алынғанын, ата-анасының денсаулық сақтау ұйымдарында ұзақ мерзімді емделуін растайтын құжаттар, баланың (балалардың) әдейі тасталғаны туралы акті, баладан (балалардан) бас тарту туралы өтініш) көшірмелерін;

6) екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымда қорғаншының немесе қамқоршының атына дербес шоттың ашылуы туралы шарттың көшірмесін;

7) Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 03.05.2019 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8) баланың (балалардың) табысы (мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді алуды растайтын құжаттар, алименттер, баланың (балалардың) мүлкінен түсетін табыстары туралы мәліметтер) туралы мәліметтерді ұсынады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 03.05.2019 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Тұрғылықты жері бойынша орган болмаса, өтініш беруші осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкіміне тапсырады.

8. Кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкімі өтініш берушілердің құжаттарын осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексереді және өтініш берушілерден құжаттар қабылданған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей оларды органға жібереді.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері органға немесе кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкіміне ұсынылады, кейін олар тіркеледі, құжаттардың түпнұсқалары мен құжаттың қабылданғаны туралы белгісі бар өтініштің жырtpпалы талоны өтініш иесіне қайтарылады.

9. Орган қорғаншының немесе қамқоршының жәрдемақы алуға құқығын өтініш түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде тексереді және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау немесе жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады және тіркеу журналында белгілейді.

Осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген мән-жайлар қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындаудан бас тартуға негіз болып табылады.

Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындаудан бас тартуға осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген мән-жайлар негіз болып табылады.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 03.05.2019 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы орган немесе кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкімі барлық құжаттарды қабылдаған айдан бастап тағайындалады.

11. Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы төлеуді орган қорғаншылардың немесе қамқоршылардың дербес шоттарына ақша қаражатын аудару арқылы ай сайын, ағымдағы айдың 15-күнінен кешіктірмей жүргізеді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 312 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**12. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 312 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

13. Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген оларды төлеуді тоқтатуға әкеп соғатын жағдайларды қоспағанда, оның туған айын қоса алғанда, қамқорлыққа алынушы он сегіз жасқа толғанға дейін төленеді.

14. Органның кінәсінен қорғаншы немесе қамқоршы уақтылы алмаған жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы, мерзімдері шектелместен өткен кезең үшін бір мезгілде төленеді.

15. Қорғаншы немесе қамқоршы органды тұрғылықты жерінің өзгергені туралы көшкен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді. Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы алатын қорғаншының немесе қамқоршының тұрғылықты жері өзгерген кезде, бұрынғы тұрғылықты жері бойынша орган тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарламаны алған күннен бастап қамқорлыққа алушының жеке ісін жаңа тұрғылықты жері бойынша органға жеті жұмыс күні ішінде жібереді. Бұл ретте қамқорлыққа алынушының жеке ісінде жәрдемақы төлемі жүргізілген күн көрсетіледі.

Жаңа тұрғылықты жері бойынша жәрдемақы төлеуді қайта бастау бұрынғы тұрғылықты жері бойынша төлеу аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

16. Егер Қазақстан Республикасының азаматы шетел азаматы немесе Қазақстан Республикасының аумағында тұратын азаматтығы жоқ тұлға болып табылатын жетім баланың (жетім балалардың) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың (балалардың) қорғаншысы немесе қамқоршысы болған жағдайда, жәрдемақының төленуі, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы азаматтарының мұндай балалармен нақты тұратын жері бойынша олардың өзара есеп айырысуларынсыз жүргізіледі.

17. Қорғаншылардың немесе қамқоршылардың жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы пайдалануын бақылауды орган жүзеге асырады.

18. Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы мынадай:

1) баланың (балалардың) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемеде, стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде толық мемлекеттік қамтамасыз етуде тұрған;

2) баланың (балалардың) орташа айлық табысының сомасы тиісті облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстардың сомасынан артқан;

3) ата-аналарының өз баласын жеке өздері тәрбиелеуді және күтіп-бағуды жүзеге асыруға мүмкіндіктері болған, бірақ оны басқа адамдарға (ұзақ мерзімді қызметтік іс-сапарларда, балалармен бөлек тұратын, бірақ оларды күтіп-бағуға және тәрбиелеуге жағдайлары бар) қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа өз еркімен берген жағдайларда тағайындалмайды.

19. Органның қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды)

күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы шешіміне жоғары тұрған мемлекеттік органға (жоғары тұрған лауазымды тұлғаға) немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

20. Қорғаншыға немесе қамқоршыға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы төлеу органның шешімі бойынша мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) қамқорлыққа алынушының кәмелет жасқа толуы;

2) қамқорлыққа алынушының жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемеге, стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемеге толық мемлекеттік қамтамасыз етуге орналасуы;

3) қамқорлыққа алынушы баланың (балалардың) асырап алынуы;

4) қорғаншының немесе қамқоршының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес өз міндеттерін атқарудан босатылуы және шеттетілуі;

5) қамқорлыққа алынушы баланың (балалардың) некеге тұруы;

6) жетім баланың (жетім балалардың) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың (балалардың) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 22-1-бабына сәйкес толық әрекетке қабілетті (эмансипацияланған) деп жариялануы;

7) жетім баланың (жетім балалардың) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың (балалардың) органның қорытындысы негізінде ата-аналарына қайтарылуы;

8) баланың (балалардың) қайтыс болуы;

9) баланың (балалардың) орташа айлық табысы сомасының тиісті облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстардың сомасынан артуы.

21. Жәрдемақы төлеуді тоқтату органның шешімі бойынша төлемді тоқтатуға әкеп соқтырған мән-жайлар туындаған айдан кейінгі айдан бастап жүргізіледі.

22. Егер қорғаншыға немесе қамқоршыға іздеу, олардың емделу, бас бостандығынан айыру орындарынан босау нәтижесінде ата-аналарының табылғаны туралы белгілі болған және қорғаншыға (қамқоршыға) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақының төленуін тоқтатуға әкеп соқтыратын өзге де жағдайларда, ол органды бұл туралы бес жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

23. Жәрдемақы төлеудің тоқтатылғаны туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде орган қорғаншыларды немесе қамқоршыларды бұл туралы хабардар етеді.

24. Егер артық төлем алушы тарапынан теріс пайдаланудың нәтижесінде болса, заңсыз төленген және алынған жәрдемақы қорғаншыдан немесе қамқоршыдан

өндіріліп алынады. Артық төленген жәрдемақыны өндіріп алу өз еркімен немесе сот шешімінің негізінде жүргізіледі.

### **3. Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы төлеу мөлшері және жәрдемақының пайдаланылуын бақылау**

25. Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы төлеу мөлшері айына он айлық есептік көрсеткішті құрайды.

26. Орган жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақының пайдаланылуын бақылауды жарты жылда кемінде 1 рет жүргізеді.

Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау қағидаларына және оны төлеу мөлшеріне

1-қосымша

### **Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстарды есептеу формуласы**

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстар мына формула бойынша анықталады:

$$\text{ОШ} = \text{АШ}_{\text{ББ}} / \text{БС} / 12 \text{ ай}$$

мұндағы:

ОШ – тиісті облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі баланы күтіп-бағуға арналған орташа айлық шығыстар;

$\text{АШ}_{\text{ББ}}$  – еңбекке ақы төлеу шығыстарын, өтемақы төлемдерін, әлеуметтік салықты және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, мемлекет ішінде және елден тыс іс-сапарларды және қызметтік жол жүрулерді, орындаушылық құжаттарды орындауды, сот актілерін қоспағанда, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) білім басқармасының "Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша адамның жәрдемақы тағайындауға жүгінген жылдағы жоспарлы шығыстарының сомасы,

БС – адамның жәрдемақы тағайындауға жүгінген жылдың 1 қаңтарындағы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) білім басқармаларының " Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламалары бойынша қаржыландырылатын ұйымдарда толық мемлекеттік қамтамасыз етуде күтіп-бағылатын балалардың нақты саны.

Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау қағидаларына және оны төлеу мөлшеріне

2-қосымша

**Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау үшін өтініштің нысаны**

(орган атауы)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Өтініш**

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала (балалар)

\_\_\_\_\_ күтіп-бағуға жәрдемақы

(баланың (балалардың) Т.А.Ә., туған күні)

тағайындауды сұраймын

Қорғаншының немесе қамқоршының тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_ Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Органның қорғаншыны немесе қамқоршыны тағайындау туралы шешімі

\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қорғаншының немесе қамқоршының жеке басын растайтын құжаттың түрі

Сериясы \_\_\_\_\_ нөмірі \_\_\_\_\_ кім берген \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Дербес шотының № \_\_\_\_\_ Банктің атауы \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) \_\_\_\_\_

Жеке деректерде өзгерістер туындаған жағдайда, олар туралы 15 күн ішінде хабарлауға міндеттенемін.



Жалған мәліметтер мен жасанды құжаттарды бергенім үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің қолы)

Құжаттар қабылданды: 20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы) (қолы)

-----  
(қию сызығы)

Жеке деректерде өзгерістер туындаған жағдайда, олар туралы 15 күн ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жалған мәліметтер мен жасанды құжаттарды бергенім үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

Құжаттары қоса берілген азамат

\_\_\_\_\_ өтініші

\_\_\_\_\_ данада 20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қабылданды.

\_\_\_\_\_  
(қолы) (құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы)

Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы

(жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы

тағайындау қағидаларына және оны төлеу мөлшеріне

3-қосымша

**Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім**

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

(орган атауы)

\_\_\_\_\_  
Істің № \_\_\_\_\_

Азамат \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты)

Өтініш берілген күн \_\_\_\_\_

Баланың туу туралы куәлігі (туу туралы актінің жазбасы)

Берілген күні \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Баланың туу туралы куәлігін (туу туралы актінің жазбасын) берген органның атауы

\_\_\_\_\_

Баланың Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Баланың туған күні \_\_\_\_\_

Органның қорғаншыны немесе қамқоршыны тағайындау туралы шешімі

Тағайындау күні 20\_\_ ж. \_\_\_\_\_

Тағайындалған жәрдемақы сомасы

20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ аралығында

\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ сомасында

(жазумен)

Айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты жәрдемақының тағайындалған сомасы:

Баланың Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ аралығында

\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ сомасында

(жазумен)

\_\_\_\_\_ себебі бойынша жәрдемақы тағайындаудан бас тартылды

\_\_\_\_\_ себебі бойынша жәрдемақының төленуі тоқтатылды

М.О.

(Орган басшысы)

\_\_\_\_\_  
(қолы) (Т.А.Ә.)